



ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

Жорж Пуле
«Оқылым феноменологиясы»



Мақсаты: оқу феноменологиясының ерекшелігін Жорж Пуленің «Оқылым феноменологиясы» атты еңбегі негізінде қабылдаудың адамзатқа тән сезімдері мен ментальды субстанциялары арқылы сипаттау.

Кілт тіркестер: бастапқы феномен, оқылым феноменологиясы, уақытша ментальды субстанция, субъективті ұстаным, предикаттар сериясы.

Негізгі идеялары:

- Феноменология таза түсінік пен қабылдаудың дәстүрі ретінде.
- Жорж Пуле сезім арқылы қалыптасатын оқылым феноменологиясы туралы.
- Оқылым іштен түйсіну мүмкіндігі ретінде.
- Кітап – сана – идеялар.
- Оқылым мен сын феноменологиясы.

XVIII ғасырдың ең ықпалды философтарының бірі Иммануил Кант атап өткендей, ақыл эмоция қалыптастырып, реттеуге мүмкіндік беретін қабілеттерді сыйлайды. Ғалым мұндай тәртіпке туа бітетін қабілетсіз ақыл қызмет ете алмайды деп тұжырымдады. Жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде Эдмунд Гуссерль Кант ұсынған түсініктерді тереңдетуге тырысты. Ол да әлемдегі нысандарды анықтайтын құбылыстар мен ментальды мәселелерге негізделген ақыл-сана табиғатын зерттеді. Адамзатқа тән барша эмоциялар әлемдегі сондай құбылыстармен тығыз байланыста болады деп есептеледі. Феноменология немесе саналы тәжірибе ғылымы нұсқаларының біріне сәйкес, сана мен оның нысандарының өзара әрекеттесуі, бір-бірімен байланысқа түсу мәселелері өзекті деп табылды. Гуссерльдің айтуына қарағанда, ақыл идеялардың тәжірибесін тазалай алу қабілетіне ие бола алады, сол кезде белгілі бір жағдаяттық байланыстылық қысқарып, күнделікті өмірдің кездейсоқ бірліктері де азайтылатын болады. Нәтижесінде нысан туралы таза көзқарас қалыптасты. Жиырмасыншы ғасырда бірнеше еуропа әдебиеттанушылары әдебиеттегі оқырманның тәжірибесін нысанға алды. Олардың қатарында Жорж Пуле мен Роман Ингарден болды. Дәл осы кезде АҚШ-та «Оқырман реакциясы (жауабы)» деген атпен сыншылар мектебі қалыптасты, оның басында Стэнли Фиш болды. Сонымен, Жорж Пуле туралы айтатын болсақ, осындай тоғысқан идеялар заманында өмір сүрген бельгия әдебиеттанушысы және сыншысы 1927 жылы Льеж университетін бітіріп, әдеби зерттеулер бағытындағы ізденістерін жүйелеуге кірісті. Жорж Пуле Джон Хопкинс университетінде француз әдебиетінен дәріс оқыды, кейін Цюрих пен Ниц университеттерінде де сабақ берді. Профессор француз әдебиетінің жаңа сын бағытындағы және 1950–1960 жылдардағы Женева әдеби сын мектебінің басты тұлғалардың бірі деп танылды. Оның авторлығымен «Адамзат уақытын зерттеу» («Исследования человеческого времени»), «Шеңбер метаморфозасы» («Метаморфоза круга»), «Анықталмаған ой» («Неопределенная мысль») сияқты еңбектер жарық көрді. Кезінде феноменологиялық пәлсапаның, неміс мәдени-тарихи мектебінің әрі Марсель мен Башляр пәлсапалық антропологиясының ықпалын сезінген ғалым женевалық филологтар тобымен тығыз байланыста да болды. Олардың қатарында Жан-Пьер Ришар, Жан Руссе, Жан Старобинский бар еді.

Малларменің бітпеген «Игитур» шығармасының басында бос бөлменің сипаттамасы бар, оның ортасында ашық кітап суреттеледі. Бұл оқылмай жатқан, бірақ өз оқырманын күтіп жатқан жағдаймен сабақтаса талданатын үзінді негізінде «кітаптар – нысандар» деген ойдың ізі байқалады. Кітап сөрелерінде, үстелдерде, дүкендерде оқырманын күтіп жатқан кітаптар, автордың айтуына қарағанда, өз тағдырын адамның араласуымен байланыстыратындай. Қағаз бен қаламнан жасалған олар қойған жерден қозғала алмайды, олардың болашағы тек іздеп келіп оқыған адам ықыласымен тығыз байланысты деген ойдың үстемдігі байқалады. Олар әлденені күтуде. Бір ғана сәтте олардың тағдырын адам әрекеті өзгерте алады деген ой оларға келді ме екен деп ойланады Пуле. Үміт отымен тоғыстырған талдауларын ғалым кітаппен диалогқа кіре отырып, сабақтайды. Олар бізге қарата: «Мені оқы деп тұрғандай...» деген ойдың астарында да сол сабақтастық көрініс табады. Жорж Пуленің назарын адамның сезімдері аударады. Кітап арқылы туындайтын сезімдер мен эмоцияларды автор өзге заттармен, мысалы құмырамен немесе ескерткіштермен статуялармен салыстыра сипаттады.



Пуле статуялар көруге шақырса, құмыралар қолмен ұстап тамашалауға итермелейді деп жазды. Олар өздеріне бар құпияның иллюзиясын тудырады, сондықтан оларды әр қырынан тануға болады деп түсіндірілді. Дегенмен олар сыртқы келбетімен қоса арнайы интерьерді қажет ететіні де ақиқат. Бұл заттарды қарап тани отырып, адамдар құпиясы тереңде жатқан камераға кіріп бара жатқандай әсерде болады, бірақ оған кіру мүмкін емес, себебі олардың сыртқы келбеті бүтін, кірер есігі жоқ. Пуле сол себепті біз әрдайым тек сыртынан ғана қарап тани аламыз деп жазды.

Әрі қарай айтылған ойдың логикалық қорытындысы ұсынылады: «Кітаптар оған ұқсамайды деп үміттенемін. Құмыраны сатып алып, үйіңізге алып барыңыз, үстелге немесе каминнің үстіне қойып, тамашалаңыз... Немесе кітапты алыңыз, ол арқылы сіз өзіңіздің ішкі әлеміңізді ашып тани аласыз... дәл кітаптың осындай ашықтығын мен шын мәніндегі қажеттілік деп қабылдаймын. Кітап өз контурларымен жабылып қалмайды. Ол өзімен еліте отырып, бірге өмір сүруге мүмкіндік береді. Сіз кітаптың ішіне терең бойлай аласыз. Бұл ретте ішкі және сыртқы бөліну дегенді сезінбейсіз» (1).

Оқырман – тәжірибе мен дағдының өзгеше одағы, ол – адам назары түскен, ақыл мен ойлау жүйелері қалыптастырған жеке бірліктер, меңгерілген тәжірибеге автоматты түрде жауап беретін қабілеттер тоғысы. Басқаша айтқанда, адамның таңдап сұрыптап алған өзіндік әлемі мен сезімдері оның ішкі дүниесін, эмоцияларын танытады. Алғашқы феноменді сипаттай отырып, автор кітапты оқу әлемін оның ішіне бойлай, сезіне білу мүмкіндігімен тоғыстырады. Осыған орай, Пуле аталмыш үдерісті тек нысан немесе тірі құбылыс ретінде ғана қарастырмайды, оны сананың нәтижесі әрі рационалды бірлік деп таниды, өйткені өзгенің санасы өзін өзі тану әлемінен еш өзгешеленбейтін мүмкіндіктер арқылы өз санасына терең бойлауға жол ашады. Кітап бұдан былай материалдық шындық деп қарастырылмайды. Ол сөздер мен бейнелерден, идеялардан өрілген тіршіліктің бастауын құрайды. Автор қоятын сұрақтардың қатарында: «Бұл жаңа тіршілік өзі қайда, қайдан басталады?» деген сауал ерекше назарға түседі. Артынан іле-шала бірнеше жауаптар жинақтала беріледі: «Шындығында қағаз нұсқада болмас. Әрине, сыртқы кеңістікте де емес-ау. Онда тек бір ғана жер қалары анық, ол менің ішкі «мен» деген әлемім» (1).

Адамзат болмысының ажырамас бөлігін, тұрмыс-тіршілігінің аса қажет бөлшегін құрайтын таным субъективті қабылдау мен қоршаған ортаны бақылау нормаларымен сабақтаса отырып, объективті шындық заңдылықтарын танып білу принциптерімен ажырамас бірлік құрай келе, бүгінгі күні оқырманның ішкі қабылдау әлемін түсініп тануға да мүмкіндік берді. Автордың айтуына қарағанда, тек оқи отырып қана адам санасында әр түрлі мазмұндық мағыналық тізбектерді қабылдай алады. Әрине, олар әлі нысан дәрежесіне жетпесе де, суреттер мен идеялар, сөздер мен ой нысандарын анықтай алады. Айырмашылықты Пуле төмендегідей ой оралымдарымен түсіндіреді: «Кітап та құмыра немесе статуя сияқты сыртқы әлемде тіршілік ететін басқа нысандарға ұқсас. Бұл әлем кейде қоғамға, ал кейде өз ойыңа да жарамсыз болары анық. Аквариумдағы балық секілді сөздер де, бейнелер мен идеялар да үйлесімділік таппай жатады, яғни диссонанцияға ұшырайды. Нәтижесінде ментальды құбылыстар тіршілік ету үшін оқырманның санасына тәуелді болады». Бұл тәуелділікті автор әрі басымдық, әрі кемшілік деп қарастырады. Мұндай теңгерім ақылдың араласуын қажет етеді. Біздің білуімізше, кітаптар өз табиғатын өзгертуге, өз материалдық сипатын жоғалтуға мәжбүр, өйткені олар бейнелер мен идеялар, сөздер арқылы таза сипаттағы ментальды құбылыстарға айналатын болады. Жалпы алғанда, мұндай тіршілік атаулы оларды шынайы өмір сүру дағдысынан бас тартуға апарады.

Автордың пікіріне сәйкес, мұндай тұжырымдар кейде өкініш тудырады, өйткені шындықты кітаптың мазмұнына сәйкес қабылдауға адам санасында орныққан ойлар не қиялдар кедергі жасап жатады деп пайымдалады. Ғалым айналып келгенде, адам өзін фиктивті, ойдан шығарылған құбылыстармен, заттармен қоршап алады деп тұжырымдайды. Пуле: «Адамдар тілдің кеңістігінде, оның жетегінде қалып қояды», - деп жазды. Ғалым мұндай басып алуға төтеп беру мүмкін емес деген қорытындыға келеді, себебі тіл адамды өзінің ойдан шығарылған, шындыққа жанаспайтын әлемімен қоршап алған деп түсіндіреді. Бір қызығы, екінші жағынан тілден ойдан шығарылған дүниеге трансмутация жасаудың қалтқысыз басымдығы да бар деп есептеледі. Ғаламның қиялы шыншыл объективтілікке қарағанда шексіз әрі әлде-қайда икемді және кез келген қолданысқа жарамды деген ойдың көкжиектері де көзге түседі.



Пуленің айтуына қарағанда, кітап тартымдылығының ең кереметі – әлемдегі интерьері. Сөздерге ойдың көрінісі, ментальды әлемнің бірлігі деп үңілген сайын адам олардың ішкі рухани болмысқа ұқсайтын да, ұқсамайтын да өзгешеліктерін байқайды. Әдебиеттанушы оларды субъектіленген нысандар деп сипаттайды, өйткені барлығы адамзат санасының маңызды бөлшегі, тілдің араласар субъектісі деп танылады, сол арқылы субъект пен объект арасындағы қарама-қарсылық әлсірей бастайды деп ұғынылды. Демек, кітаптың басымдылығы оқырманның сенімімен анықтала отырып, оның санамен үйлеспейтін сезімінен арылуына мүмкіндік береді.

Аталмыш үдеріс эсседе керемет трансформация деп қарастырылады, ол адамның бойында оқу арқылы жүзеге асады деп түсіндіріледі. Кітаптың мазмұнына енбесе де, қоршаған физикалық нысандар ғайып болады. Ал адамның өз нысандарымен жақындасуы өзінің жаңа кезеңіне өтеді деп тұжырымдады Пуле. Олардың ішіндегі ең бір қызықтылары қатарында ғалым келесі үзіндіні ұсынды: «Мен өз ойымның нысаны екенмін, сөйте тұра мен өзім оқып жатқан кітаптың әрі өзге ойының бөлшегін де құрайды екенмін. Иә, бұл басқалардың ойы, дегеммен, мен сол ойлардың нысанымын. Бұл жағдай алдындағыларға қарағанда әлде-қайда қызық екен. Мен өзгелер туралы ойлап отырмын... Әрине, өзгенің ойы деген мәселе болмаса, мен сонша таңғалмас та едім... Алайда мен өз ойымның жетегінде жүргенімді түсінемін...» (1).

Бұл ойлардың барлығы жаңа тұжырымдарға жол ашады. Белгілі бір деңгейде адам идеялардың тек өзіне ғана тиесілі болмайтынын мойындау керек. Автордың ойынша, идея ешкімнің жеке меншігі бола алмайды. Олар тек бір санадан екінші санаға ауысып отыратын болады. Олай болса, сананы идеялармен анықтауға тырысу да алдамшы сезім екенін ескеруіміз керек. Нәтижесінде адам субъективті ұстаным деп қабылданады, ол үшін идеялар предикат сияқты. Дегенмен аталмыш ұстанымды предикат деп қарастыруға болмайтыны тағы бар, себебі, автордың ойларына сәйкес, сырттай тамашалайтындар ғана әңгіменің арқауы бола алады.

Әр адам кітапты оқып жатқанда, қандай ерекшеліктер байқалады? Адам болжап анықталмайтын бірнеше предикаттардың нысаны болады. Адам не ойласа да, бұл оның ментальды әлемінің бір бөлшегі деп танылады. Алайда кейде өз ойың мен өзге ойының араласуы да байқалады. Жорж Пуле: «Әрдайым кітап оқыған сайын мен ішімнен бұл «мен» деп қаламын. Алайда менің айтып отырғаным мен болмай шығады. Бұл шығарма кейіпкері үшінші жақтан баяндап жатқанда да байқалады. Тіпті ой мен тұжырымдардан басқа ешнәрсе болмағанда да көзге түседі. Оқылым – өзгелердің сөздері мен образдарын, идеяларын ғана емес, өзгенің ұстанымын да беретін ерекшелік» (1), – деп жазды.

Антология авторлары ғалымның келесі ойларымен де келіспеуге болмайды деп біледі. Бұл ретте Пуленің адам оқу кезінде өз тәуелсіздігін сақтаса ғана, оның түсінігі, шын мәнінде, ұсынғанды қабылдауға, интуицияға негізделеді деген ойы басшылыққа алынды. Басқаша айтқанда, түсінік белгісізден белгіліге жылжу арқылы қабылданбайды деп есептеледі. Бұл феноменнің бойында сананың тереңінен таным көкжиегіне бойлаған ақыл нысандарына мән беріледі. Не болса да, адам барша шыдамдылықпен күтеді, сондықтан оқылым оның әрекетін субъект ретінде түсіндірмейді.

Сонымен, оқылым дегеніміз – оқырман ой мен сезім тұрғысынан қарастыра алмайтын субъективті ұстанымға өзгеретін акт. Осы қатарда триллерді талдап көрсетуге болады. Оларды көрермен көре отырып, сезім мен ойдың жетегіне қалай кіріп кеткенін байқамай қалады. Бұл тек бейнелермен, әсерлермен, идеялармен байланысты анықталар объективті ойлау деңгейінде ғана емес, субъективті деңгейде де ықпал етеді. Кітапқа бойлаған кезде қабылдаудың екінші деңгейі байқалады, адам өзі үшін не ойлап, не сезім жатырмын деген ойда болады.

Пуленің ойы бойынша, адам кітапты оқып отырып, өзі туралы ойлап жатады. Мысалы: біз Бодлерді немесе Расинді оқып отырғанда, суреткерлер сенің ішкі әлеміңді дәл сипаттап отырғандай сезімде боласың. Кітап – автордың идеяларын, сезімдерін, қиялы мен өмірін сақтай алатын құрал. Бұл оның өз өмірін құтқару амалы сияқты. Оқылымның мұндай түсініктемесі жалған болмайды. Кейде осы үлгіде жазылған шығармалар өз авторының өмірбаяндық мақсатын да ақтайтындай. Оқырман кітапты оқи отырып, автор ойы мен сезімінің жетегінде болады. Олай болса, көркем шығарманы түсіну дегеніміз – оны жазған адамға өзімізді іштен түсініп ашуға рұқсат ету. Бұл – шығарманы түсіндіретін өмірбаян емес, керісінше,



шығарма арқылы өмірбаяндық деректерді қабылдауға мүмкіндік беретін әлем. Алайда кейде өмірбаяндық мәліметтер жалған болып жатады. Шындығында, кейде автор шығармалары мен сезімдері арасында ұқсастық болып жатады. Дегенмен әр шығарма оқырманның жүрегінде өзінше орнығып, өзінше өмір сүреді. Әрине, туындыны түсіну үшін толып жатқан өмірбаяндық, мәтіндік және жалпы сыни ақпараттарды да пайдалануға болады. Әйтседе, екеуі бір емес, бұл жерде оқырманның ішкі әлемімен тоғысу мүмкіндігі сырт қалады.

Бұл жағдайда көркем шығарма адам санасын толтыратын уақытша ментальды субстанция құрады. Сонымен қатар, «мен» деген субъект өзін шығармада таныта бастайды. Көркем туынды адам кейпіне енгендей болады. Қарсылық жағдайында адамның өзі тұрады: мен бәрін өзім де білемін, мен тек қарапайым болып көрінемін, мен өзімде болып жатқан құбылыстарды ешқандай белсенді әрекетсіз тек жазып алып жатамын. Сол арқылы адамның өзі мен өзгелердің сезіну әрекеттерінің арасында айырмашылыққа анықтама беріледі. Сол себепті кейде адам оқып жатып, кітаптан өзін көріп тұрғандай әсерде болады.

Бұл таңғалу сыншының санасы арқылы көрініс табады, өйткені ол өзгелердің санасында не болып жатқанын білуге де, соны өз санасындай таразылауға да құқылы. Жак Ривьерге сенімсіз жақындаудан Шарль Дю Босқа шарықтай талпынған сынның арасында біз білуге тиіс талай соқпақтарды өтуге болады. Француз әдебиетіне тән түрлі анықтайтын түрлерді аша отырып, Жорж Пуле сыналатын нысан мен сынайтын субъект арасындағы түрлі қатынас түрлерін түсіндірді. Нәтижесінде келесі талдау үлгісі дәйектелді: бірінші сынның кезінде екі сананың бір-біріне ұласуы мүмкін деп айту қиынға соғады. Бұл тек жасырын тұрған нысанды тану әрекеті деп танылады. Идеалды идентификация кезінде екі сананың әрқайсысы өзін өзгенің бейнесінде көре алады, бұл кезде сыни сана ең көп дегенде пердемен жабылған шындыққа сәл болса да жақындай алады. Пуле сын тілін елестетуге тырысады, ол тіл әдебиет тілін арнайы бір нақтылықтан айыратындай елестейді. Бұл ретте ғалым тек сезімге сүйенеді, соны басшылыққа алады. Әдебиеттанушының айтуына қарағанда, бұл сын әр желінің, әр сөйлемнің, әр метафораның, әр сөздің талдауы деп қабылданады.

Егер әдебиет өзінің анықтамасы бойынша шынайы бейнелерді тілдің шынайы емес әлеміне алып өту амалы деп қабылданса, онда сын транспозиция деп қаралатын болады. Сөйтіп, авторлық ой мен шынайы ойдың арасындағы теңгерімді сақтау мәселесі қозғалады. Сол арқылы, шын мәнінде, әдеби шығармалар арқылы ашылатын сыни ойлауды ментальды әлеммен біріктіру талпынысы байқалатын болады. Бұл, әрине, көркем шығарманың маңызын арттыра түседі.

Соңында автор: «Көркем шығарма зерттелгеннен кейін қандай мәселе айтылмай қалды? Оның астарында суреткердің шығармашылығына арқау болар әрі көзге көрінбес өмір сүрер жеке даналығы жатуы мүмкін бе? Әлде, Валери ойлағандай, бұл басқалардан сырт тұратын және нақты әрекеттерде көрініс табатын анонимді әрі абстаркт сана ма?», – деп сұрақ қояды. Не болса да, Пуле оны әдеби шығармашылықтағы субъективті әрекет деп мойындайды. Жорж Пуле өзара әсер ететін және өзара толықтыратын процестер табиғатын зерделей келе, оқырманның ішкі әлемін қабылдау мен өзін-өзі талдау тұрғысынан өзектейді.

Күнделікті өмірде, ғылыми негізде болсын әр теорияның құрамды бөліктері мен қағидаларының адамның қабылдау, ойлау, бақылау, сұрыптау, қорыту секілді әрекеттеріне негізделуі әдебиеттану үдерісінде жүріп жататын болжам мен нақтылау, сұрыптау мен жинақтау, даму мен толығу амалдарының өзара сабақтасу себептерін айқындауға мүмкіндік береді. Уақыт пен заман талабына сай динамикалы түрде өзгеріп, толықтырылып отыратын ұстанымдардың диалектика заңдылықтарынан бастау алып, антропологиялық тұжырымдар арқылы көрініс табуы қазіргі зерттеулердің мақсат-міндетін сұрыптады. Таным адамзаттың даму негіздерімен сабақтаса, оның қоршаған әлемдегі өзіндік орны мен ерекшелігін айғақтай әрі диалектикалық нормаларға сәйкес, ішкі-сыртқы қарама-қайшылықтардың принциптеріне сүйене қалыптасу мүмкіндігіне ие болды. Барша ғылымның бастамасын құраған әдебиет пен ғылым пәлсапасы да сондай күрделі де универсалды бағыттардың бірі деп танылды. Логика, психология, социология, тарих ғылымдарымен байланыса отырып, әдебиет әрі қоғамдық, әрі жаратылыстану заңдылықтарын сабақтастырды. Бастапқы кезде тек танымдық немесе эпистемологиялық өлшемдерге негізделген бұл ғылым саласы қазіргі кезде сан алуан ғылымдардың үйлесімді синергиясына, пәнаралық байланыстың маңызды бөлшегіне айналып отыр. Адамның ана-



томиялық жаратылысынан бастау алатын таным, ең алдымен, табиғи жүйенің бір бөлшегі, ішкі физиологиялық тәртіптің жемісі деп қарастырылары да анық. Айтылған мәселелердің логикалық жалғасы ретінде келесі жолы біз сіздерді Кэтлин Маккормик еңбектерімен таныстырамыз. Дәрісіміздің тақырыбы әдеби мәтіндердің дайындалу құралдарын сипаттауға арналады.

Бақылау сұрақтары

1. Таза түсінік пен қабылдаудың дәстүрі ретінде феноменологияны қалай сипаттауға болады?
2. Жорж Пуле оқылым феноменологиясын адамның сезім әлемімен қалай байланыстырады?
3. Ішіне бойлай оқып танудың астарында қандай мәселелер көрініс табады?
4. «Кітап – сана – идеялар» байланысының мәнін түсіндіріңіз.
5. Оқылым мен сын феноменологиясын қалай сипаттауға болады?

Қолданылатын дереккөздері

1. Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. 3-басылым. 300–312 беттер.